





ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ


**ӘЛЕУМЕТТІК-  
ТӘРТІПТІК  
КОМИССИЯ  
ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 30.10.2020
	<b>ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	1 бет

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Әлеуметтік-тәртіптік комиссияның құрамы	3
3	Әлеуметтік көмек беру	3
4	Жатақханадан орын беру	5
5	Тәртіптік теріс қылықтарды қарастыру	6
6	Қорытынды ережелер	7



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 30.10.2020
	<b>ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	2 бет

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Әлеуметтік-тәртіптік комиссия туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Университет) Әлеуметтік-тәртіптік комиссиясының негізгі міндеттерін, қызметін, құрылу тәртібін және өкілеттігін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:


- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысымен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысымен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру мөлшеріне, көздері мен түрлеріне;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1420 қаулысымен бекітілген мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру және пайдалану қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт Министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 25 бұйрығымен бекітілген аталған министрліктің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына.

1.3 Әлеуметтік-тәртіптік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) келесі қызметті орындайды:

- Университетте білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету және көмек беру;
- Қаладан тыс жерден келген білім алушыларға жатақханадан орын беру;
- Білім алушылардың академиялық адалдық Кодексін, мінез-құлықтың этикалық нормалары мен тәртіпті бұзу фактілерін қарастыру.

1.4 Комиссияның негізгі міндеттері:

- Білім алушылармен оқу-тәрбие жұмысы жағдайын талдау және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- Әлеуметтік көмек алуға құқығы бар және оған мұқтаж білім алушыларға әлеуметтік көмек беру туралы шешім қабылдау;
- Бекітілген талаптарға сай қаладан тыс жерден келген білім алушыларға жатақханадан орын беру туралы шешім қабылдау;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 30.10.2020
	<b>ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	

- Білім алушылардың академиялық адалдық Кодексін, мінез-құлықтың этикалық нормалары мен тәртіпті бұзу фактілерін қарастыру;
- Білім алушының мінез-құлығын бағалау және ішкі тәртіп Қағидаларын, Академиялық саясатты, академиялық адалдық Кодексін бұзғаны үшін жаза түрін тағайындау;
- Ішкі тәртіп Қағидаларын, Академиялық саясатты, академиялық адалдық Кодексін қадағалау бойынша профилактикалық жұмыс.

## **2 ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘРТІПТІК КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫ**

2.1 Комиссияның құрамына Комиссияның төрағасы, хатшысы және мүшелері кіреді. Комиссияның дербес құрамы Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

2.2 Комиссияның төрағасы – тәрбие жұмысы жөніндегі проректор. Комиссияның құрамына оның мүшелері ретінде декандар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, студенттік өзін-өзі басқару өкілдері кіреді.

2.3 Комиссияның ұсыныстары мен шешімдері Комиссияның төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

2.4 Комиссияның шешім қабылдауы Комиссия қатысушы мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы іске асырылады. Дауыстар саны тең түскен жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші саналады.

2.5 Комиссия мүшелерінің жартысынан астамы қатысқан жағдайда Комиссияның шешімі заңды саналады.

2.6 Қажет болған жағдайда Комиссияның жиналысына білім алушы, білім алушы оқитын топтың тәлімгері, кафедра меңгерушісі және Комиссияның сұрақтарын шешуде көмек бере алатын басқа да тұлғалар шақырылады.


2.7 Күрделі даулы мәселелерді шешу үшін Комиссия жиналысқа тәуелсіз сарапшыларды шақыруға құқықты.

## **3 ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК БЕРУ**

3.1 Университет әлеуметтік көмек көрсетеді:

- Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға, мүгедектерге және бала жастан мүгедектерге;
- Балалар үйлерінде тәрбиеленушілерге.

3.2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысымен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидаларына сай Университет жатақханасындағы орынға, жұмсақ

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 30.10.2020
	<b>ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	

мүкәммәлға, құрал-жабдық пен киім-кешекке, тамақтануға, оқулықтар мен медициналық жәрдемге ақы төлемеу түрінде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

3.3 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысымен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру мөлшеріне, көздері мен түрлеріне сай тамақтандыру, киім-кешекпен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммәлмен қамтамасыз ету нормалары белгіленеді.

3.4 Сондай-ақ, Университет көмек көрсетеді:

- Көп балалы отбасылардан шыққан балаларға;
- Жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күн көріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балаларға.


Көмек келесідей көрсетіледі:

- Алдымен, Университет жатақханасында тұру үшін орын беру;
- Оқу ақысын бөліп төлеуге рұқсат ету;
- Оқу орнына жету жолына төлем жасау (қала әкімдігі бюджетінен).

3.5 Әлеуметтік көмек білім алушының Университет ректорының атына жазбаша өтініш беруі арқылы іске асырылады, растайтын келесі құжаттарымен қоса:

- Туу туралы куәліктің көшірмесі – көп балалы отбасынан шыққан балалар үшін;
- Қамқорлыққа алуды (қамқоршылықты), патронаттық тәрбиелеуді растау туралы анықтаманың көшірмесі – жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, отбасыларда тәрбиеленетін балалар үшін;
- Мүгедектік туралы анықтама – мүгедектерге және бала жастан мүгедектерге, мүгедек-балаларға;
- Даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру медициналық қорытындысының көшірмесі;
- Білім алушының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға жатқызылуын растайтын анықтама;
- Отбасының табыстары туралы мәліметтер – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күн көріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар үшін;

Жан басына шаққандағы орташа табысты есептеуде отбасының құрамында ата-анасы (немесе басқа заңды өкілдері) және олардың асырауындағы 18 жасқа толмаған балалар есепке алынады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 30.10.2020
	ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5 бет

## 4 ЖАТАҚХАНАДАН ОРЫН БЕРУ

4.1 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларына сай қаладан тыс жерден келген білім алушыларға жатақханадан орын беріледі.

4.2 Комиссия жатақханадан орын беруді білім алушының Университет ректорының атына өтініші негізінде іске асырады.

4.3 Комиссия негіздемесін және кезектілігін ескерумен жатақханадағы орындарды бөлуді келесі басымдылық тәртібінде іске асырады:

1) Университет ректоры бекіткен тізбеге сай даму мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар, бала жастан мүгедектер, мүгедек-балалар, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, бір немесе қос ата-анасы да мүгедек тұлғалар;

2) бірінші курсқа тіркелген білім алушылар;

3) оқуда, ғылыми, шығармашылық және қоғамдық жұмыста жоғары нәтижелері бар жоғары курстарда білім алушылар;

4) Университеттің басқа да білім алушылары.

4.4 Комиссия жатақханадағы орындарды бөлуді келесі кезеңдерде өткізеді:

– Оқу жылының соңында (маусым) бірінші курстан басқа барлық курстарда оқитын, келесі оқу жылы жатақханаға мұқтаж болатын қаладан тыс жерден келген білім алушыларға;

– Оқу жылының басында (тамыз) күндізгі оқудың бірінші курсына, қысқартылған оқу нысаны бойынша жоғары курстарға, дайындық бөліміне тіркелген, оқуын қайта жалғастырған немесе басқа оқу орындарынан ауысқан қаладан тыс жерден келген білім алушыларға;


– Оқу жылының барысында қажеттілігіне қарай босаған орындарға.

4.5 Білім алушыларды жатақханаға жатқызу Университет ректорының бұйрығы және үй-жайдың бөлмесін жалдау шартының негізінде өткізіледі.

4.6 Жатақхана туралы Ереженің талаптарын ұдайы бұзған жағдайда Студенттік кеңестің ұсынысы бойынша жаза шарасын тағайындау үшін (жатақханадан шығаруға дейін) жатақхана тұрғыны Комиссияның жиналысына шақырылады.

4.7 Комиссия қабылдайтын жаза шаралары теріс қылықтың ауырлығына байланысты келесідей болуы мүмкін:

- Университет ректорының бұйрығымен жазбаша сөгіс;
- тұрғынды жатақханадан шығару;
- келесі оқу жылы жатақханадан орын бермеу;
- Университеттен шығару.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 30.10.2020
	<b>ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	6 бет

## **5 ТӘРТІПТІК ТЕРІС ҚЫЛЫҚТАРДЫ ҚАРАСТЫРУ**

5.1 Әлеуметтік-тәртіптік комиссия қызметі тараптарының бірі:

- Тәртіптік теріс қылықтарды анықтау;
- Тәртіптік теріс қылық жасаудың жағдайларын талдау;
- Тәртіп бұзушыларға жауапкершілік шараларын қолдану туралы шешім қабылдау;
- Білім алушы тарапынан одан әрі тәртіптік теріс қылыққа жол бермеу мақсатында педагогикалық ұжым үшін ұсыныстар әзірлеу.

5.2 Білім алушының тәртіптік теріс қылығы ретінде оның Қазақстан Республикасы заңнамасының, Университет Жарғысының, Академиялық саясаттың, ішкі тәртіп Қағидаларының, жатақхана туралы Ереженің және академиялық адалдық Кодексінің талаптарын қадағаламауы саналады.

5.3 Комиссия тәртіптік теріс қылықтар анықталған жағдайда өткізеді:

- Тәртіптік теріс қылық пайда болған жағдайларды талдау;
- Білім алушы тарапынан тәртіп бұзудың болғанын, оның кінәсінің дәрежесін және қолданылатын жаза шарасын анықтау;
- Этикалық нормаларды, оқу және еңбек тәртібін қадағалауға бақылау жасау.


5.4 Университет ғимараттарының бөлмелерінде және аумағында білім алушылар тәртіпті және мінез-құлық этикасын бұзғандығы үшін оларға келесі жаза түрлерін қолдану қарастырылады:

- ауызша ескерту;
- тәртіптік ескерту және белгілі бір уақыт кезеңіне сынақ мерзімі;
- Университет ректорының бұйрығымен жазбаша сөгіс;
- Университеттен шығару.

5.5 Академиялық адалдықты бұзғаны үшін Комиссия келесі жаза түрлерін қолдануы мүмкін:

- ауызша ескерту;
- тапсырылған жұмыс үшін бағаны төмендету;
- қойылған бағаны жою;
- бағаланатын жұмысты қорғауға рұқсат етпеу;
- білім алушыны аяқталмаған пәннен төлемақысын толық немесе ішінара қайтармастан босату;
- белгілі бір уақыт кезеңіне тәртіптік ескерту немесе сынақ мерзімі;
- Университет ректорының бұйрығымен жазбаша сөгіс беру;
- Университеттен шығару.

5.6 Білім алушыға тәртіптік жаза шарасын қолдану туралы негізделген шешім қабылдау үшін істерді қарастыру кезінде Комиссия топ тәлімгерінің, топтастарының, кафедра меңгерушісінің және басқа тұлғалардың пікірлерін назарға алады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОҢЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 30.10.2020
	ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7 бет

## 6 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1 Осы Қағидалар бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

6.2 Қағидаларға өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары негізінде Ғылыми кеңес енгізеді.

